

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасы «Қаратау құрылыс - техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

**Колледж ұжымы мен қамқоршылық кеңестің
бірлескен отырысының хаттамасы**

№ _____

Қаратау қаласы

« 10 » ақпан 2020 жыл

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңесі, ата-аналар комитетінің мүшелері,
колледж қызметкерлері мен оқытушылары

Қатыспағандар:

Изенбаев М.К. - «Бином» ЖШС бас инженері
(себепті)
Төлебаев А. Т. - (іс сапарда)

Шақырылғандар:

Қоғамдық ұйымдардың жетекшілері, ата-аналар, белсенді
топ білімгерлері

КҮН ТӘРТІБІ

1. Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Қаратау құрылыс -техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны басшысының 2019 жылы атқарған жұмыстарының есебі.

Баяндамашы: колледж директоры Маселбеков Докторбек Манатбекұлы

Төраға: Жолдасов Қабыл Бекбосынұлы, «Қаратау жолдары» ЖШС
директоры, колледждің қамқоршылық кеңесінің төрағасы

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Қ.Жолдасов, Д.Маселбеков,
А. Сырғабаев, А. Казимова, Б. Ажақаев

Жолдасов Қ.Б., төраға – Құрметті қамқоршылық және ата-аналар комитеті кеңесінің мүшелері, колледж ұжымы, ҚР «Мүлік туралы» Заңын іске асыру шараларының 19 тармағына сәйкес мемлекеттік кәсіпорны басшылары жылына бір рет өкілетті органның және ұжымның алдында есеп беру міндеттелінген. Осыған байланысты, бүгін, колледж ұжымы мен қамқоршылық кеңестің бірлескен отырысына ата-аналар комитеті мүшелері, оқытушылар мен қызметкерлер, қоғамдық ұйымның жетекшілері, яғни ардагерлер кеңесінің төрағасы, бастауыш кәсіподақ ұйымы мен «Нұр Отан» партиясы Талас аудандық филиалы «Болашақ» БПҰ мүшелері және «Талас тынысы» газетінің өкілі қатысуда.

Жиналыстың күн тәртібінде бір мәселе:

1. «Қаратау құрылыс - техникалық колледжі» КМҚК басшысының 2019 жылы атқарған жұмыстарының есебі.

Күн тәртібіне алып қосарларыңыз бар ма? Жоқ болса, бекітілсін.

Жиналыстың регламентін бекітейік:

Жарыс сөзге шығатындарға – 3-5 минут

Ұсынылған регламент бойынша алып қосарларыңыз бар ма?

Жоқ болса, қолдап – Барлығы; қарсы – жоқ; қалыс – жоқ;

Бекітілсін.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз колледж директоры Маселбеков
Докторбек Манатбекұлына беріледі.

Маселбеков Д.М., колледж директоры – өз баяндамасында, колледждің 2019 жылы атқарған жұмыстарына жан-жақты толық ақпарат берді. Баяндамада оқу орнының құрылымына, штат бірліктері мен қаржыландыру, қаржының толық игерілуіне, білімгерлер мен оқытушылардың сапалық құрамына, материалдық-техникалық базасына, оны жаңғыртудағы атқарылған іс-шаралар, оқу-әдістемелік, ғылыми-ізденіс және тәрбие, оқу-өндірістік, есеп-шаруашылық жұмыстарына кеңінен тоқталды. Сонымен қатар колледж жетістіктері мен алдағы атқарылатын жұмыстар туралы айтылды. Баяндаманың толық мәтіні тіркелген.

Баяндама бойынша жазылған 5 адамның 3-і сөйледі:

Казимова А., Педагог-психолог - өз сөзінде, жылдық жұмыс жоспарына сәйкес білімгерлермен сауалнамалар, тренингтер, іс-шаралардың жүргізілгенін, жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықты алдын-алу мәселелері, әлеуметтік желілер арқылы таратылған әлімжеттік оқиғалар, жастар арасындағы суицидтің себеп-салдарлары туралы толық мәлімет беріп өтті. Колледжішілік тіркеуде тұрған білімгерлермен жүйелі жұмыстар жүргізілетінін, қоғамдық іс-шаралардың тиісті атқарылатынын, білімгерлердің спорттық секцияларға, пәндік үйірмелерге және волонтерлік жұмыстарға тартылғанын туралы айтылды. «Біз біргеміз-ажырамас іргеміз» тақырыбында колледж білімгерлерінің ата-аналарымен тренинг өткізілгенін «Волонтерлар клубы» жасақталғанын, волонтерлардың саны 2019-2020 оқу жылында жалпы білімгерлердің 60% құрайтынын халыққа атап көрсетті. Аталған клуб мүшелерінің «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастырған іс-шараларға да тұрақты түрде қатысып отыратынын және осы бағыт бойынша «Қайырымдылық акциясын» ұйымдастырып Қаратау тұрғындарына көмектерін көрсетіп жүргенін мақтанышпен айта алатындығын жеткізді.

Қорытындылай келе, 2019 жыл бойынша айтар болсақ, колледжіміздің жастары қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, облыстық, республикалық жарыстардан жүлделі орындарды иеленіп отыр. Осы орайда колледж директорының атқарған жұмысын қанағаттанарлық деп есептеймін.

Сырабаев А., Қоғамдық пәндер оқытушысы – 2019 жылы атқарылған оқу-әдістемелік жұмыстарға тоқталып, оқу үрдісінде жаңа технологияларды енгізудегі колледж оқытушыларының өз жетістіктеріне тоқталды. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған және аз қамтылған тұрғындарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің пәрменді шараларына тарту жөніндегі шаралар белсенді түрде іске асырылғаны туралы тоқталып өтті. Осы жұмыстарда, колледж әкімшілігі тарапынан қолдау тауып, нәтижеге бағытталған іс-шаралардың жоғарғы деңгейде атқарылған тілге тиек етіп, атқарылған жұмыстарға оң баға берді.

Ажсақаев Б., шаруашылық бөлімінің меңгерушісі - 2019 оқу жылына барлық жұмыстар түбегейлі жасалды. Колледждің ішкі-сырты яғни әрлеу жұмыстары тұрақты жасалып отыр. Жылу жүйесі бойынша 270 шаршы метр жылу жүйесінің құбырлары ауыстырылды. Шаруашылық есептен 800 мыңдай қаражат бөлінді. Колледждің кіші қызметкерлері мен қарауылдары өз міндеттерін дұрыс атқаратынын және кәсіпорын басшысы Маселбеков Докторбек Манатбекұлының 2019 жылы атқарған жұмыстары «қанағаттанарлық» деп есептеймін деп, - сөзін аяқтады.

Жолдасов Қ., төраға: Жарыс сөз тоқтатылсын деген ұсыныс түсті.

– Қалай қарайсыздар? Олай болса, тоқтатылсын.

Кәсіпорын басшысының 2019 жылы атқарған жұмыстарының есебі бойынша шығып сөйлеушілерден бір ұсыныс түсті «Қанағаттанарлық».

- Кімде қандай ұсыныс бар?

- Жоқ болса дауысқа қоямын.

«Қаратау құрылыс-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы Маселбеков Докторбек Манатбекұлының 2019 жылы атқарған жұмыстары «қанағаттанарлық» деп есептелінсін.

Қолдап – Барлығы; қарсы – жоқ; қалыс – жоқ;

Бірауыздан «қанағаттанарлық» деп дауыс берілді. Бекітілсін.

Шешімі:

1. Колледж директоры Д. Маселбековтың 2019 жылға атқарған жұмыстары туралы жасаған есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.
2. Білім жүйесінде сыбайлас және жемқорлыққа қарсы іс әрекеттерге нақты жұмыс жүргізілсін.

Комиссия төрағасы:

Қ.Б. Жолдасов

Мүшелері:

А.Т. Төлебаев

Ғ.Т.Қартабаев

Қ.К. Омаров

Р.М. Сейдалиев

Ғ.Е. Тоқмырзаев

Г.С. Каулаукулова

Комиссия хатшысы:

И.Р. Қожамбаева

Жолдасов Қ. жиналыс төрағасы – Құрметті ұжым, қамқоршылық кеңесі мүшелері жиналыстың жүргізу бойынша кімде қандай ескертпелер мен ұсыныстар бар. – Жоқ болса күн тәртібіндегі мәселе толық қаралды.

- Келіп қатысқандарыңызға рахмет.

- Жиналысты жабық деп жариялаймын.